

ББЖМ

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі “Білім туралы” Заңының 5-бабы 12) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеу қағидаларын бекіту.
2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарын күшін жойды деп тану.
3. Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз ету:
 1. осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 2. осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
 3. осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды.
 4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасына жүктелсін.
 5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

А. Аймағамбетов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Қосымша 1

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығына

Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеу қағидалары

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеу қағидалары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі “Білім туралы” Заңының 5-бабы 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және бастауыш, негізгі орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім деңгейінде білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеуді өткізу тәртібін айқындайды.
2. Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеу (МОДО) - білім сапасының білім берудің тиісті деңгейіне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкестігін жүйелі түрде бақылау, тестілеу нәтижелерін өңдеу және жүйелі талдау жүргізу арқылы әдістемелік көмек көрсету мен білім сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар әзірлеу.
3. Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында МОДО білім алушылардың білім сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында өткізіледі.
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында МОДО жалпы білім беретін пәндерді және (немесе) кәсіби модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді меңгеру нәтижелерін анықтау мақсатында МЖМБС талаптарына сәйкес өткізіледі.
5. Қағидалар меншік нысанына, ведомстволық бағыныстылығына және түріне қарамастан, орта (бастауыш, негізгі орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қолданылады.**

2-бөлім. Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеу тәртібі

6. Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында МОДО 4 және 9-сынып оқушылары арасында Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңының 55-бабы 4-тармағына сәйкес өткізіледі.

7. 4-сыныптарда МОДО кешенді тестілеу түрінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану арқылы оқыту тілі бойынша үш бағытта (оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы) өткізіледі.

8. 9-сыныптарда МОДО кешенді тестілеу түрінде АКТ қолдану арқылы екі бағытта (математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы), үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бір бағытта (оқу сауаттылығы) өткізіледі.

9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында МОДО 2-курста жалпы білім беретін пәндер бойынша және 3-курста кәсіби модульдер немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндер бойынша өткізіледі.

10. МОДО техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында АКТ қолдану арқылы кешенді тестілеу түрінде өткізіледі.

11. Тестілеу жыл сайын сәуір айында орта білім беру ұйымдарында, қараша айында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында өткізіледі.

12. МОДО-ға денсаулық жағдайына байланысты үйде оқитын немесе ұзақ мерзімді емдеуді қажет ететін балаларға арналған сауықтыру мекемелерінде оқитын, сондай-ақ объективті себептермен тестілеуге қатыса алмайтын білім алушылар (денсаулық жағдайына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, жарыстар мен олимпиадаларға қатысу) қатыспайды.

13. Білім беру саласындағы уәкілетті орган іс-шараларды өткізуге дайындық жұмыстары туралы қатысушылар мен жұртшылықты бір ай бұрын хабардар етеді.

14. Орта (бастауыш, негізгі орта білім беру), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі МОДО өткізілетін білім беру саласындағы уәкілетті органмен Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңының 55-бабы 6-тармағына сәйкес жыл сайын айқындалады. Білім беру ұйымдарын іріктеу келесі параметрлер бойынша жүзеге асырылады:

- аумақтық тиесілігі (қала, ауыл);
- жалпы білім беретін мекеме түрі (жалпы білім беретін мектеп, лицей, гимназия, мектеп-гимназия, мектеп-лицей);
- білім алушылар контингенті;
- оқыту тілі (қазақ/орыс);
- білім беру ұйымдарының қатысу пайызы (25%).

Жыл сайын осы білім беру ұйымдарының ішінен МОДО-ға алдыңғы оқу жылдары қатысқан ұйымдар шығарылады. Білім беру ұйымдарын іріктеу кездейсоқ іріктеу үшін жұмыс тізімін бағдарламалық қамтамасыз етуге жүктеу арқылы жүзеге асырылады.

15. Шектеу іс-шаралары, төтенше жағдайлар, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген кезде – уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Төтенше жағдайлар министрлігінің шешімі немесе Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың білім басқармаларының ұсынысы негізінде МОДО-ны тоқтату туралы шешім қабылдайды.

16. Тест тапсырмаларының саны, мазмұны және формасы, сондай-ақ тестілеуге бөлінген сағаттар саны МЖМБС-қа сәйкес тест спецификациясында айқындалады. Тест спецификациясын Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны “Ұлттық тестілеу орталығы” (бұдан әрі – ҰТО) әзірлейді.

17. МОДО-ны ұйымдастыру және өткізу үшін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің өкілетті өкілдерінің тізімін бекітеді, оған облыстық, аудандық білім басқармаларының өкілдері, Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттерінің өкілдері (бұдан әрі – министрліктің уәкілетті өкілдері) кіреді.

18. Білім беру ұйымдарында МОДО өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды министрліктің уәкілетті өкілдері жүзеге асырады.

19. Тестілеу басталғанға дейін министрліктің уәкілетті өкілі компьютерлік аудиториялардың дайындығын тексеріп, білім алушылардың тізіміне сәйкес жеке кодпен сәйкестендіруді жүзеге асырады. Тестілеу алдында тестіленушіге веб-қосымшаға кіру сілтемесі және авторизация параметрлері (логин және пароль) беріледі. Министрліктің уәкілетті өкілі білім алушыларға МОДО өткізу тәртібі туралы түсіндіру жұмысын жүргізеді.

20. Тестілеу кезінде білім алушыларға сөйлесуге, қағаз немесе электрондық ақпарат тасымалдаушыларды пайдалануға тыйым салынады. Тестілеу барысында калькулятор, анықтамалық әдебиеттер (Менделеев кестесі мен тұздардың ерігіштік кестесінен басқа), электрондық жазу кітапшалары және қабылдаушы-таратушы

электрондық құрылғылар (ұялы телефондар мен басқа да электрондық жабдықтар) пайдалануға рұқсат етілмейді. Ережелерді бұзған жағдайда министрліктің уәкілетті өкілі тестіленушіні аудиториядан шығару туралы шешім қабылдайды, тиым салынған заттарды анықтау және тестіленушіні аудиториядан шығару туралы акт жасайды, бұл тестіленушінің нәтижелері жойылады.

21. Жалған тұлға анықталған жағдайда министрліктің уәкілетті өкілі сынақ кезінде немесе басталуында жалған тұлғаны анықтау туралы акт жасайды.

22. Тестілеу барысында аудиторияға тек министрліктің уәкілетті өкілі мен білім беру ұйымының басшысы ғана кіреді.

23. Тестілеу кезінде білім алушыларға министрліктің уәкілетті өкілінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға тыйым салынады.

24. Тестілеу аяқталғаннан кейін білім алушылардың нәтижелері компьютер экранында көрсетіледі.

25. МОДО аяқталғаннан кейін білім беру қызметтерінің сапасын бағалау мақсатында орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтары арасында анонимдік сауалнама жүргізіледі.

26. Тестілеу рәсімдерін бағдарламалық және техникалық қамтамасыз етуді, МОДО нәтижелерін статистикалық өңдеуді уәкілетті орган белгілеген мерзімде ҰТО жүзеге асырады.

27. МОДО нәтижелері білім беру ұйымдарына тестілеу аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде хабарланады және құқықтық салдары болмайды.

28. МОДО нәтижелері уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

29. МОДО нәтижелері бойынша уәкілетті орган тестілеу аяқталғаннан кейін үш ай ішінде И. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған кешенді талдау және әдістемелік ұсыныстарды білім беру ұйымдарына жібереді.

30. Уәкілетті орган білім беру саласындағы ағымдағы жағдайды бағалайтын аналитикалық есепті қалыптастырады, ол рейтингтік зерттеулер жүргізетін ұйымдармен пайдалануға және Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық есепке енгізуге арналған.